

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Финляндия Республикасының Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімді және оған Хаттаманы ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 31 мамырдағы № 284-IV Заңы

2009 жылғы 24 наурызда Хельсинкиде жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Финляндия Республикасының Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісім және оған Хаттама ратификациялансын.

Президенті

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Н. Назарбаев*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ МЕН ФИНЛЯНДИЯ
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҮКІМЕТІ АРАСЫНДАҒЫ ТАБЫСҚА САЛЫНАТЫН САЛЫҚТАРҒА
ҚАТЫСТЫ
ҚОСАРЛАНҒАН САЛЫҚ САЛУДЫ БОЛДЫРМАУ ЖӘНЕ САЛЫҚ
САЛУДАН
ЖАЛТАРУҒА ЖОЛ БЕРМЕУ ТУРАЛЫ
КЕЛІСІМ**

(2010 жылғы 5 тамызда күшіне енді -

**Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары Бюллетені,
2010 ж., N 6, 53-құжат)**

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Финляндия Республикасының Үкіметі
Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау
және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісім жасасуға ниет білдіре
о т ы р ы п ,

мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

КЕЛІСІМ ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТҰЛҒАЛАР

Осы Келісім Уағдаласушы Мемлекеттердің біреуінің немесе екеуінің де резиденттері болып табылатын тұлғаларға қолданылады.

2-бап

КЕЛІСІМ ҚОЛДАНЫЛАТЫН САЛЫҚТАР

1. Осы Келісім алу әдістеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттің немесе оның жергілікті билік органдарының атынан алынатын табысқа салынатын салықтарға қолданылады.

2. Жылжымалы немесе жылжымайтын мүлікті иеліктен айырудан алынған табыстарға салынатын салықтарды қоса алғанда, табыстың жалпы сомасынан немесе табыстың жеке элементтерінен алынатын салықтың барлық түрлері табысқа салынатын салықтар болып саналады.

3. Осы Келісім қолданылатын қазіргі салықтар мыналар болып табылады:

а) Қазақстанда:

(i) корпорациялық табыс салығы;

(ii) жеке табыс салығы;

(бұдан әрі «Қазақстан салығы» деп аталатын);

б) Финляндияда:

(i) мемлекеттік табыс салықтары;

(ii) корпорациялық табыс салығы;

(iii) коммуналдық салық;

(iv) шіркеу салығы;

(v) проценттен алынатын көзден ұсталатын салық; және

(vi) резидент еместердің табысынан алынатын көзден ұсталатын салық (бұдан әрі «Фин салығы» деп аталатын).

4. Келісім сондай-ақ Келісімге қол қойылған күннен кейін қолданыстағы салықтарға қосымша немесе олардың орнына алынатын бірдей немесе мәні бойынша ұқсас кез келген салықтарға қолданылады. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары өздерінің салық заңнамаларындағы кез келген елеулі өзгерістер туралы бірін-бірі хабардар етеді.

3-бап

ЖАЛПЫ АНЫҚТАМАЛАР

1. Егер түпмәтіннен өзгеше туындамаса, осы Келісімнің мақсаттары үшін

а) мына:

(i) «Қазақстан» — Қазақстан Республикасын білдіреді және, географиялық мағынасында қолданғанда «Қазақстан» термині оның заңнамасына және халықаралық құқыққа сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік аумағын және Қазақстан өзінің егемендік құқықтары мен заңды құзырын жүзеге асыра алатын аймағын қамтиды ;

(ii) «Финляндия» термині Финляндия Республикасын және географиялық мағынасында қолданғанда, Финляндия Республикасының аумағын және Финляндия Республикасының аумақтық суларына жапсарлас кез келген аймақты білдіреді, оның шегінде Финляндия заңнамасы бойынша және халықаралық құқыққа сәйкес Финляндия теңіз түбіндегі табиғат ресурстарын және теңіз түбіндегі және жағалаудағы су қойнауларын барлау мен өндіруге қатысты құқықты жүзеге асыра алады;

b) «тұлға» термині жеке тұлғаны, компанияны және тұлғалардың кез келген басқа да бірлестігін білдіреді;

c) «компания» термині салық салу мақсаттары үшін корпорациялық құрылым ретінде қарастырылатын кез келген корпорациялық құрылымды немесе кез келген экономикалық бірлікті білдіреді;

d) «кәсіпорын» термині кез келген кәсіпкерлік қызметті, жүзеге асыруға қолданылады;

e) «Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны» және «екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны» терминдері тиісінше Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқаратын кәсіпорынды білдіреді;

f) «халықаралық тасымал» термині теңіз немесе әуе кемесі екінші Уағдаласушы Мемлекеттегі пункттер арасында ғана пайдаланылатын жағдайлардан басқа, Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны пайдаланатын теңіз немесе әуе кемесімен кез келген тасымалды білдіреді;

g) «құзыретті орган» термині:

(i) Қазақстанда: Қаржы министрлігін немесе оның уәкілетті өкілін;

(ii) Финляндияда: Қаржы министрлігін, оның уәкілетті өкілін немесе Қаржы министрлігі құзыретті орган ретінде анықтайтын органды білдіреді;

h) Уағдаласушы Мемлекетке қатысты «ұлттық тұлға» термині:

(i) осы Уағдаласушы Мемлекеттің азаматтығы бар кез келген жеке тұлғаны;

(ii) өзінің мәртебесін осы Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасы негізінде алған кез келген заңды тұлғаны, әріптестікті немесе қауымдастықты білдіреді;

(iii) «кәсіпкерлік қызмет» термині кәсіби қызметтерді немесе тәуелсіз сипаттағы басқа қызметті жүзеге асыруды қамтиды.

2. Уағдаласушы Мемлекет осы Келісімді кез келген уақытта қолданған кезде, онда айқындалмаған кез келген термин, егер түпмәтіннен өзге мағына туындамаса, Келісім қолданылатын салықтарға қатысты осы Мемлекеттің заңнамасы бойынша осы кезде қандай мағынаға ие болса, сондай мағынаны иеленеді, осы Мемлекеттің қолданылатын салық заңнамасы бойынша терминнің кез келген мағынасы осы Мемлекеттің басқа заңдары бойынша термин берілетін мәннен басымдыққа ие болады.

4-бап

РЕЗИДЕНТ

1. Осы Келісімнің мақсаттары үшін «Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті» термині осы Мемлекеттің заңнамасы бойынша оның тұратын жері, резиденттігі, басқару орны немесе құру (тіркеу) орны немесе осындай сипаттағы кез келген басқа өлшем негізінде онда салық салынуға жататын кез келген тұлғаны білдіреді, сондай-ақ осы Мемлекеттің өзін, оның кез келген орталық билік органын, мемлекеттік органын немесе жергілікті билік органын қамтиды. Алайда осы термин осы Мемлекеттегі көздерден алынатын табысқа қатысты ғана осы Мемлекетте салық салынуға жататын кез келген тұлғаны қ а м т ы м а й д ы .

2. Егер 1-тармақтың ережелеріне сәйкес жеке тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болып табылса, онда оның мәртебесі мынадай түрде айқындалады :

a) ол өзінің иелігінде тұрақты баспанасы бар Мемлекеттің ғана резиденті болып саналады; егер оның иелігінде Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінде де тұрақты баспанасы болса, ол неғұрлым тығыз жеке және экономикалық қатынастары (өмірлік мүдделер орталығы) бар Мемлекеттің ғана резиденті болып саналады;

b) егер оның өмірлік мүдделер орталығы бар Мемлекетті айқындау мүмкін болмаса немесе Уағдаласушы Мемлекеттердің ешқайсысында өзінің иелігінде тұрақты баспанасы болмаса, ол өзі әдетте тұрып жатқан Мемлекеттің ғана резиденті болып с а н а л а д ы ;

c) егер ол әдетте екі Мемлекетте де тұрса немесе олардың ешқайсысында да тұрмаса, ол өзі азаматы болып табылатын Мемлекеттің ғана резиденті болып саналады;

d) егер резиденттің мәртебесі алдағы тармақшаларға сәйкес айқындалмаса, Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы мәселе бойынша шешімді өзара келісім бойынша қабылдайды.

3. Егер 1-тармақтың ережелеріне сәйкес жеке тұлғадан өзге тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің екеуінің де резиденті болса, ол оның тиімді басқару орны орналасқан Мемлекеттің ғана резиденті болып саналады.

5-бап

ТҰРАҚТЫ МЕКЕМЕ

1. Осы Келісімнің мақсаттары үшін «тұрақты мекеме» термині кәсіпорынның кәсіпкерлік қызметі толық немесе ішінара жүзеге асырылатын тұрақты қызмет орнын б і л д і р е д і .

2. «Тұрақты мекеме» термині, атап айтқанда, мыналарды:

a) б а с қ а р у о р н ы н ;

- b) б ө л і м ш е н і ;
- c) к е ң с е н і ;
- d) ф а б р и к а н ы ;
- e) ш е б е р х а н а н ы ;

f) қондырғыны, құрылысты немесе кемеңі немесе табиғат ресурстарын барлау үшін пайдаланылатын кез келген басқа орынды;

g) шахтаны, мұнай немесе газ ұңғымасын, карьерді немесе табиғи ресурстар өндіретін басқа да кез келген кен орнын қамтиды.

3. «Тұрақты мекеме» термині сондай-ақ, егер мұндай алаң немесе объект 12 айдан астам уақыт бойы жұмыс істеп тұрған немесе мұндай қызметтер 12 айдан астам уақыт бойы көрсетілген болса ғана, құрылыс алаңын немесе құрылыс, немесе монтаждау, немесе құрастыру объектісін, немесе олармен байланысты қадағалау қызметтерін қ а м т и д ы .

4. Осы баптың алдыңғы ережелеріне қарамастан, «тұрақты мекеме» термині м ы н а л а р д ы :

a) құрылыстарды кәсіпорынға тиесілі тауарларды немесе бұйымдарды сақтау, көрсету немесе жеткізу мақсаттары үшін ғана пайдалануды;

b) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын сақтау, көрсету немесе жеткізу мақсаттары үшін ғана ұстауды;

c) кәсіпорынға тиесілі тауарлар немесе бұйымдар қорын өзге кәсіпорынның қайта өңдеу мақсаттары үшін ғана ұстауды;

d) тұрақты қызмет орнын тауарлар немесе бұйымдар сатып алу мақсаттары үшін немесе кәсіпорынға арналған ақпарат жинау үшін ғана ұстауды;

e) тұрақты қызмет орнын кәсіпорын үшін дайындық немесе көмекші сипаттағы кез келген басқа қызметті жүзеге асыру мақсаттары үшін ғана ұстауды;

f) тұрақты қызмет орнының осындай тәсілдеменің нәтижесінде туындаған жиынтық қызметі дайындық немесе көмекші сипатта болған жағдайда тұрақты қызмет орнын a) тармақшасынан e) тармақшасына дейін қоса алғанда көрсетілген қызмет түрлерінің кез келген тәсілдемесін жүзеге асыру үшін ғана ұстауды қамтитын ретінде қ а р а с т ы р ы л м а й д ы .

5. 1 және 2-тармақтардың ережелеріне қарамастан, егер оған 6-тармақ қолданылатын тәуелсіз мәртебесі бар агенттен өзге тұлға кәсіпорын атынан әрекет етсе және Уағдаласушы Мемлекетте кәсіпорын атынан келісім-шарттар жасауға өкілеттігі болса және оны әдетте пайдаланып жүрсе, тек егер осындай тұлғаның қызметі 4-тармақта айтылған қызмет түрлерімен шектелмесе, егер кәсіпкерлік қызметтің тұрақты орны арқылы жүзеге асырылса да, осы кәсіпкерлік қызметтің тұрақты орны осы тармақтың ережелеріне сәйкес тұрақты мекемеге айналдырылмаса, онда кәсіпорын осы тұлғаның кәсіпорын үшін жүзеге асыратын кез келген қызметі жөнінде осы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар кәсіпорын ретінде қарастырылады.

6. Кәсіпорын осы Мемлекеттегі кәсіпкерлік қызметін делдал, комиссионер немесе тәуелсіз мәртебесі бар кез келген басқа агент арқылы жүзеге асырғаны үшін ғана, егер осындай тұлғалар өздерінің әдеттегі қызметі шеңберінде әрекет жасаған жағдайда, Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекемесі бар кәсіпорын ретінде қарастырылмайды.

7. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның екінші Уағдаласушы Мемлекеттің, резиденті болып табылатын компанияны бақылауы немесе оның бақылауында болуы немесе осы екінші Мемлекетте кәсіпкерлік қызметпен айналысуы (не болмаса тұрақты мекеме арқылы немесе өзге жолмен айналысуы) фактісінің өзі-ақ осы компаниялардың бірін екіншісінің тұрақты мекемесіне айналдырмайды.

6-бап

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКТЕН АЛЫНАТЫН ТАБЫС

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен (ауыл немесе орман шаруашылығынан алынатын табысты қоса алғанда) осы басқа Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. а) «Жылжымайтын мүлік» термині б) және с) тармақшаларын ескере отырып, қаралып отырған мүлік орналасқан. Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасы бойынша қандай мағынаға ие болса, сондай мағынаға ие болады.

б) «Жылжымайтын мүлік» термині кез келген жағдайда ғимаратты, жылжымайтын мүлікке қатысты қосалқы мүлікті, ауыл және орман шаруашылығында пайдаланылатын мал мен жабдықтарды, жер меншігіне қатысты жалпы құқық ережелері қолданылатын құқықтарды, жылжымайтын мүлік узуфруктын және минералдық ресурстарды, кен көздерін және басқа табиғи қазбаларды игеру үшін берілетін өтемақы ретіндегі өзгермелі немесе кесімді төлемдерге арналған құқықтарды және жоғарыда аталғандарды игеру құқығын қамтиды.

с) Теңіз және әуе кемелері жылжымайтын мүлік ретінде қарастырылмайды.

3. 1-тармақтың ережелері жылжымайтын мүлікті тікелей пайдаланудан, жалға беруден немесе кез келген басқа нысандағы үлгіде пайдаланудан алынатын табысқа қолданылады.

4. Егер компанияда акцияларды немесе басқа корпоративтік құқықтарды иелену осындай акциялардың немесе корпоративтік құқықтардың иесіне компанияға жататын жылжымайтын мүлікті пайдалану құқығын берсе, онда тікелей пайдаланудан, жалға беруден немесе осы пайдалану құқығын кез келген басқа нысанда пайдаланудан алынатын табысқа жылжымайтын мүлік орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

5. 1 және 3-тармақтардың ережелері кәсіпорынның жылжымайтын мүлкінен алынатын табысқа да қолданылады.

7-БАП

КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТЕН АЛЫНАТЫН ПАЙДА

1. Егер кәсіпорын екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырмаса, Уағдаласушы мемлекет кәсіпорнының пайдасына тек осы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер кәсіпорын, жоғарыда айтылғандай, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса, онда кәсіпорынның пайдасы екінші Мемлекетте, бірақ осындай тұрақты мекемеге жататын бөлігінде ғана с а л ы қ с а л ы н у ы м ү м к і н .

2. 3-тармақтың ережелерін ескере отырып, егер Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметін жүзеге асырса, онда егер осы әрбір Уағдаласушы Мемлекетте тұрақты мекеме осындай немесе ұқсас қызметпен шұғылданатын оқшауланған және бөлек кәсіпорын болған болса, нақ осындай немесе осыған ұқсас жағдайларда дәл осындай немесе оған ұқсас қызметпен айналысып, өзі тұрақты мекемесі болып табылатын кәсіпорыннан мүлдем тәуелсіз әрекет жасағанда алуы мүмкін пайда осы т ұ р а қ т ы м е к е м е г е ж а т қ ы з ы л а д ы .

3. Тұрақты мекеменің пайдасын айқындау кезінде шығыстар тұрақты мекеме орналасқан Мемлекетте немесе басқа жерде жұмсалғанына қарамастан басқару және жалпы әкімшілік шығыстарың қоса алғанда, тұрақты мекеменің мақсаттары үшін жұмсалған шығындарды шегеріп тастауға болады. Тұрақты мекеменің бас офисіне немесе кәсіпорынның басқа офистерінің кез келгеніне патенттер және басқа құқықтарды пайдаланғаны үшін роялти, қаламақы немесе басқа да ұқсас төлемдер төлеу арқылы немесе нақты қызметтер көрсеткені үшін яки менеджмент үшін комиссиялық ақы төлеу арқылы немесе тұрақты мекемеге қарызға берілген сомаға проценттер төлеу арқылы төленген сомаларды тұрақты мекемеге шегеріп тастауға б о л м а й д ы .

4. Осы тұрақты мекеменің кәсіпорын үшін тауарлар немесе бұйымдар сатып алуы негізінде ғана тұрақты мекемеге қандай да болсын пайда есептелмейді.

5. Егер осындай тәртіпті өзгерту үшін жеткілікті және дәлелді себептер болмаса, алдыңғы тармақтардың мақсаттары үшін тұрақты мекемеге тиесілі пайда жыл сайын біркелкі т ә с і л м е н а й қ ы н д а л а д ы .

6. Егер пайда осы Келісімнің басқа баптарында олар туралы жеке айтылатын табыс түрлерін қамтитын болса, онда бұл баптардың ережелері осы баптың ережелерін қозғамайды.

8-бап

ТЕҢІЗ ЖӘНЕ ӘУЕ КӨЛІГІ

1. Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының теңіз немесе әуе кемелерін халықаралық тасымалдауда пайдаланудан алған пайдасына тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының тауарларды немесе бұйымдарды тасымалдау үшін пайдаланылатын контейнерлерді (трейлерлерді, баржаны және контейнерлерді тасымалдауға байланысты жабдықтарды қоса алғанда) пайдаланудан, ұстаудан немесе жалға алудан алған пайдасына салық екінші Уағдаласушы Мемлекетте осындай контейнерлерді тек пункттер арасында ғана тауарларды немесе бұйымдарды тасымалдау үшін пайданылатын жағдайды қоспағанда, осы Мемлекетте ғана салынады.

3. 1 және 2-тармақтардың ережелері бірлескен кәсіпорында немесе көлік құралдарын пайдалану жөніндегі халықаралық ұйымда пулға қатысудан алынатын пайдаға да қолданылады.

9-бап

ҚАУЫМДАСҚАН КӘСПОРЫНДАР

1. Егер:

а) Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе оның капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса; немесе

б) белгілі бір тұлғалар Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорнын басқаруға, бақылауға немесе оның капиталына тікелей немесе жанама түрде қатысса;

және кез келген жағдайда екі кәсіпорынның арасында олардың коммерциялық немесе қаржылық өзара қатынастарында тәуелсіз екі кәсіпорынның арасында орын алуы мүмкін жағдайлардан өзгеше жағдайлар жасалса немесе орнықса, онда кәсіпорынның біріне есептелуі мүмкін, бірақ осы жағдайлардың бар болуына байланысты оған есептелмеген кез келген пайда осы кәсіпорынның пайдасына қосылып, оған тиісінше салық салынуы мүмкін.

2. Егер Уағдаласушы Мемлекет екінші Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны осы Уағдаласушы Мемлекетте салық салынатын пайданы осы Мемлекет кәсіпорнының пайдасына қосып, тиісінше салық салса және осылай қосылған пайда алғашқы аталған Мемлекеттің кәсіпорнына есептелуі мүмкін пайда болса, егер екі кәсіпорынның арасында жасалған жағдайлар тәуелсіз кәсіпорындардың арасындағы жағдайлардай болса, егер осы екінші Мемлекет түзетулерді негізделген деп санаса, онда осы екінші Мемлекет осындай пайдадан алынатын салық сомасына тиісті түзетулер жасайды. Осындай түзетулерді айқындау кезінде осы Келісімнің басқа ережелері қаралуға тиіс және Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары қажет болған жағдайда бір-біріне консультация беруге тиіс.

10-бап

ДИВИДЕНДТЕР

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін дивидендтеріне осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда осындай дивидендтерге дивидендтер төлейтін компания резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте де және осы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ егер дивидендтердің іс жүзіндегі иесі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, онда осылайша алынатын салық:

а) егер компания дивидендтер төлейтін компанияда дауыс беру құқығының ең кем дегенде 10 процентін тікелей бақылауға алатын компанияда іс жүзіндегі иесі болып табылса, онда дивидендтердің жалпы сомасының 5 процентінен;

б) қалған барлық жағдайларда дивидендтердің жалпы сомасының 15 процентінен аспайды.

Осы тармақ компанияның дивидендтер төленетін пайдаға қатысты салық салуын қозғайды.

3. «Дивидендтер» термині осы бапта пайдаланылғанда акциялардан немесе борыш талаптары болып табылмайтын басқа да құқықтардан алынатын табысты, пайдаға қатысудан алынатын табысты, сондай-ақ резиденті пайданы бөлетін компания болып табылатын Мемлекеттің заңнамасына сәйкес акциялардан алынатын табыс сияқты дәл осындай салықтық реттеуге жататын басқа да корпорациялық құқықтарынан алынатын табысты білдіреді.

4. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын дивидендтердің іс жүзіндегі иесі дивидендтерді төлейтін компания резиденті болып отырған екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан тұрақты мекеме арқылы онда кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса және төленіп жүрген дивидендтерге қатысы бар холдинг осындай тұрақты мекемемен нақты байланыста болса, онда 1 және 2-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда 7-баптың ережелері қолданылады.

5. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компания екінші Уағдаласушы Мемлекеттен пайда немесе табыс алып отырған болса, осы екінші Мемлекет, мұндай дивидендтер осы екінші Мемлекеттің резидентіне төленетін немесе өзіне қатысты дивидендтер төленетін холдинг осы екінші Мемлекетте орналасқан тұрақты мекемемен нақты байланыста болатын және компанияның бөлінбеген пайдасынан, тіпті егер төленетін дивидендтер немесе бөлінбеген пайда толығымен немесе ішінара осы екінші Мемлекетте пайда болған пайдадан немесе табыстан тұрса да компанияның бөлінбеген пайдасынан салық алынбаған жағдайды қоспағанда, осы компания төлейтін дивидендтерге салық төлеуден босатуы мүмкін.

6. Осы Келісімдегі ештеңе де Уағдаласушы Мемлекетке осы бірінші аталған

Мемлекетте орналасқан екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның тұрақты мекемесінің пайдасына осы бірінші аталған Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның пайдасына есептеген салыққа қосымша салық салуға бөгет ретінде ұғынылмайды. Осындай қосымша салық бірақ, алдыңғы салық салынған жылдардағы қосымша салыққа ұшырамаған осы пайданың 5 процентінен аспауы тиіс. Осы тармақта пайдалану кезінде «пайда» термині тұрақты мекеме орналасқан Уағдаласушы Мемлекетте пайдаға (қосымша салыққа қарағанда өзге) салынатын барлық салықтарды шегергеннен кейінгі 7-баптың ережелеріне сәйкес тұрақты мекемеге қатысты пайданы білдіреді.

11-бап

ПРОЦЕНТТЕР

1. Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін проценттерге осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда мұндай проценттерге сондай-ақ олар пайда болатын Уағдаласушы Мемлекетте және осы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынуы мүмкін, бірақ егер проценттердің іс жүзіндегі иесі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, онда осылай алынған салық проценттердің жалпы сомасының 10 процентінен аспайды.

3. 2-тармақтың ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын проценттерге және екінші Уағдаласушы Мемлекетке, оның кез келген орталық билік органына, мемлекеттік органға немесе жергілікті билік органына, Орталық (Ұлттық) Банкке немесе негізгі бөлігі Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органдары арасында келісілуі мүмкін осы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің Үкіметіне жататын кез келген басқа ұйымға төленетін проценттерге тек осы екінші Уағдаласушы Мемлекетте ғана салынады.

4. «Проценттер» термині осы бапта пайдаланылған кезде кепілмен қамтамасыз етілген немесе қамтамасыз етілмеген, борышкерлердің пайдасына қатысу құқығын беретін немесе бермейтін қандай да болсын борыш талаптарынан алынатын табысты және атап айтқанда, үкіметтік немесе мемлекеттік бағалы қағаздардан алынатын табысты және осы бағалы қағаздар, облигациялар және борыштық міндеттемелер бойынша төленетін сыйлықтар мен ұтыстарды қоса алғанда, облигациялардан немесе борыштық міндеттемелерден алынатын табысты білдіреді.

5. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын проценттердің іс жүзіндегі иесі проценттер пайда болатын екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса және проценттер төлеуге негіз болып отырған борыш талабы шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге қатысты болса, 1, 2 және 3-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай

жағдайда 7-баптың ережелері қолданылады.

6. Егер төлеуші осы Мемлекеттің резиденті болып табылса, проценттер Уағдаласушы Мемлекетте пайда болады деп есептеледі. Алайда, егер проценттер төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табыла ма, жоқ па - оған қарамастан Уағдаласушы Мемлекетте проценттер төленетін қарыз пайда болған тұрақты мекемесі болса және мұндай проценттерді осындай тұрақты мекеме төлейтін болса, онда мұндай проценттер осындай тұрақты мекеме орналасқан Мемлекетте пайда болады деп есептеледі.

7. Егер төлеуші мен проценттердің іс жүзіндегі иесі арасында немесе сол екеуі мен қандай да болсын басқа бір тұлғаның арасында арнайы қатынастар болуы себепті төленетін борыш талабына қатысты проценттердің сомасы мұндай қатынастар болмаған кезде, төлеуші мен проценттердің іс жүзіндегі иесі арасында келісіле алатындай сомадан асып кетсе, онда осы баптың ережелері соңғы айтылған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда, төлемнің басы артық бөлігіне осы Келісімнің басқа ережелерін ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес салық салынуы тиіс.

8. Егер өзіне қатысты проценттер төленетін борыш талаптарының жасалуына немесе берілуіне байланысты кез келген тұлғаның негізгі мақсаты немесе негізгі мақсаттарының бірі осы борыш талаптарын жасау немесе беру арқылы осы баптан пайда табу болса, осы баптың ережелері қолданылмайды.

12-бап

РОЯЛТИ

1. Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын және екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төленетін роялтиге осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Алайда мұндай роялтиге ол пайда болатын және осы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы да мүмкін, бірақ роялти алушы оның іс жүзіндегі иесі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылса, онда осылайша алынатын салық роялтидің жалпы сомасының 10 процентінен аспауға тиіс. Алдыңғы ұсынысқа қарамастан өнеркәсіп, коммерция немесе ғылыми жабдықтарды пайдалануға құқық беру үшін немесе пайдалану үшін төлемдерді жүзеге асыратын роялтидің іс жүзіндегі иесі өзінің таңдауы бойынша Уағдаласушы Мемлекетте салық төлеуі мүмкін, осындай роялти, егер жабдықтар осы Мемлекетте тұрақты мекемемен немесе тұрақты базамен шынында байланысты болса, пайда болады. Мұндай жағдайда ретіне қарай осындай жабдықтарға қатысты табысқа және шегерімге 7-баптың ережелері қолданылады.

3. «Роялти» термині осы бапта пайдаланылған кезде кез келген әдебиет, өнер және ғылым шығармаларына, компьютерлік бағдарламалық қамсыздандыруды,

кинематографиялық фильмдерді және теле немесе радиомен хабар тарату кезінде пайдаланылатын фильмдерді немесе магнит таспаларды, кез келген патентті, сауда белгісін, дизайнды немесе модельді, жоспарды, құпия формуланы немесе процесті қоса алғанда, кез келген авторлық құқықты пайдаланғаны үшін немесе пайдалану құқығын бергені үшін немесе өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми тәжірибеге қатысты ақпарат (ноу-хау) үшін сыйақы ретінде алынатын төлемдердің кез келген түрін және өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми жабдықтарды (8-баптың 2-тармағының ережелері қолданылған кездегі жағдайдан басқа) пайдаланғаны немесе пайдалану құқығын бергені үшін төленетін төлемдерді білдіреді.

4. Егер Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын роялтидің іс жүзіндегі иесі роялти пайда болған екінші Уағдаласушы Мемлекетте сонда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырса және роялти өздеріне қатысты төленетін құқық немесе мүлік шын мәнінде осындай тұрақты мекемеге байланысты болса, 1 және 2-тармақтардың ережелері қолданылмайды. Мұндай жағдайда, 7-баптың ережелері қолданылады.

5. Егер төлеуші осы Мемлекеттің резиденті болып табылса, роялти Уағдаласушы Мемлекетте пайда болды деп есептеледі. Алайда, егер роялти төлеуші тұлға Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табыла ма әлде жоқ па, оған қарамастан Уағдаласушы Мемлекетте роялти төлеу міндеттемесі пайда болған тұрақты мекемесі болса және осы тұрақты мекемемен мұндай роялти байланысты болса, онда мұндай роялти тұрақты мекеме орналасқан Мемлекетте пайда болды деп есептеледі.

6. Егер роялти төлеуші мен оның нақты иесі арасында немесе сол екеуі мен қандай да болсын басқа бір тұлғаның арасында ерекше қатынастар болу салдары негізінде төленетін құқықты немесе ақпаратты пайдалануға тиісті роялтидің сомасы мұндай қатынастар болмаған кезде роялти төлеуші мен оның нақты иесі арасында келісуге болатындай сомадан асып кетсе, онда осы баптың ережелері тек соңғы айтылған сомаға ғана қолданылады. Мұндай жағдайда, төлемнің басы артық бөлігіне осы Келісімнің басқа ережелерін міндетті түрде ескере отырып, әрбір Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамаларына сәйкес салық салынады.

7. Егер өзіне қатысты роялти төленетін құқықты немесе мүлікті жасауға немесе беруге байланысты кез келген тұлғаның негізгі мақсаты немесе негізгі мақсаттарының бірі құқықтарды осындай жасау немесе беру арқылы осы баптан пайда табу болса, осы баптың ережелері қолданылмайды.

13-бап

МҮЛКТІ ШЕТТЕТУДЕН АЛЫНАТЫН ТАБЫСТАР

1. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті 6-баптың 2-тармағында анықталған, екінші Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүлікті шеттетуден алатын

табыстарға осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті акциядан немесе активтердің жартысынан көбі компанияда басқа Уағдаласушы Мемлекетте орналасқан жылжымайтын мүліктен тұратын қор биржасында белгісі ресми танылған акциядан басқа, өзге корпорациялық құқықтарды шеттетуден алынған табыстарға осы басқа, Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

3. Мұндай тұрақты мекемені (жеке немесе бүкіл кәсіпорынмен қоса) шеттетуден алынған мұндай табыстарды қоса алғанда, Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекетте иеленіп отырған тұрақты мекеменің кәсіпкерлік мүлкінің бір бөлігін құрайтын жылжымалы мүлікті шеттетуден алынатын табыстарға осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

4. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны халықаралық тасымалдарда пайдаланатын теңіз немесе әуе кемелерін немесе мұндай теңіз немесе әуе кемелерін пайдалануға байланысты жылжымалы мүлікті шеттетуден алынған табыстарға тек осы Мемлекетте ғана салық салынады.

5. Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны тауарларды немесе бұйымдарды тасымалдау үшін пайдаланылатын (трейлерлерді, баржаларды және контейнерлерді тасымалдауға байланысты жабдықты қоса алғанда) контейнерлерді шеттетуден алынған табысқа контейнерлерді екінші Уағдаласушы Мемлекетте тек өзара пункттер арасында тауарларды немесе бұйымдарды тасымалдау үшін пайдаланған өзге жағдайларда, салық тек осы Мемлекетте салынады.

6. Осы баптың бұрынғы тармақтарында айтылғаннан өзге кез келген мүлікті шеттетуден алынған табыстарға резиденті мүлікті шеттетуші тұлға болып табылатын тек осы Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

14-бап

ТӘУЕЛДІ ЖЕКЕ ҚЫЗМЕТТЕР

1. 15, 17 және 18-баптардың ережелерін ескере отырып, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті жалданып істеген жұмысына байланысты алған ырыздыққа, жалақыға және басқа да ұқсас сыйақыға, егер тек жалданып жұмыс істеу екінші Уағдаласушы Мемлекетте орындалмаса, тек осы Мемлекетте ғана салық салынады. Егер жалданып істейтін жұмыс осылайша орындалса, осыған байланысты алынған сыйақыға осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. 1-тармақтың ережелеріне қарамастан, екінші Уағдаласушы Мемлекетте орындалатын жалданып жұмыс істеуіне байланысты Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алған сыйақыға салық, егер:

а) алушы тиісті күнтізбелік жылы басталатын немесе аяқталатын кез келген он екі айлық кезең ішінде жалпы алғанда 183 күннен аспайтын кезең немесе кезеңдер бойы

осы екінші Мемлекетте жүрсе, және

b) сыйақы екінші Мемлекеттің резиденті болып табылмайтын жалдаушы немесе жалдаушының атынан төленсе;

c) сыйақы бойынша шығыстарды жалдаушының екінші Мемлекеттегі тұрақты мекемесі көтермесе, тек алғашқы айтылған Мемлекетте салынады.

3. Осы баптың алдыңғы ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны халықаралық тасымалдарда пайдаланылатын теңіз немесе әуе кемелерінің бортында орындалатын жалдау жұмысына қатысты алынған сыйақыға салық осы Мемлекетте салынуы мүмкін.

15-бап

ДИРЕКТОРЛАРДЫҢ ҚАЛАМАҚЫЛАРЫ

Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті директорлар кеңесінің немесе екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компанияның кез келген өзге оған ұқсас органның мүшесі ретінде Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті алған директорлардың қаламақылары және басқа да осыған ұқсас төлемдерге осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

16-бап

АРТИСТЕР МЕН СПОРТШЫЛАР

1. 7 және 14-баптардың ережелеріне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті театр, кино, радио немесе теледидар артисі немесе сазгер сияқты өнер қызметкері ретінде немесе спортшы ретінде екінші Уағдаласушы Мемлекетте жүзеге асыратын өзінің жеке қызметінен алған табысына осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. Егер өнер қызметкері немесе спортшының осы өзінің сипатында жүзеге асырған жеке қызметінен түскен табысы өнер қызметкерінің немесе спортшының өзіне емес басқа тұлғаға есептелсе, бұл табысқа, 7 және 14-баптардың ережелеріне қарамастан, өнер қызметкерінің немесе спортшының қызметі жүзеге асырылатын Уағдаласушы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

17-бап

ЗЕЙНЕТАҚЫЛАР, АННУИТЕТТЕР ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАМСЫЗДАНДЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ТӨЛЕМДЕР

1. 18-баптың 2-тармағының ережелерін ескере отырып, кез келген:
 - a) Уағдаласушы Мемлекетте пайда болатын зейнетақыларға немесе аннуитеттерге,
 - b) Уағдаласушы Мемлекеттің әлеуметтік сақтандыру туралы заңдарына сәйкес

немесе әлеуметтік қорғау мақсатында Уағдаласушы Мемлекетте әзірленген кез келген басқа мемлекеттік жоспарға сәйкес берілген кезеңді немесе біржолғы өтемақы болып табылатынына қарамастан, жәрдемақыға, осы Мемлекетте салық салынуы мүмкін.

2. «Аннуитет» термині осы бапта пайдаланған кезде ақша немесе құны түрінде (қызмет көрсетуге қарағанда өзге) балама және толық өтеу орнына төлем жүргізу міндеттемесіне сәйкес өмір бойы немесе белгілі бір не белгіленетін уақыт кезеңінде мерзімді түрде белгіленген мерзімде төленетін тіркелген соманы білдіреді.

18-бап

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

1. а) Кез келген жеке тұлғаға Уағдаласушы Мемлекет, оның кез келген орталық билік органы, мемлекеттік орган немесе жергілікті билік органы осы Уағдаласушы Мемлекетке немесе орталық органға немесе мемлекеттік органға немесе жергілікті билік органына көрсетілетін қызметтеріне қатысты төлейтін қызметақыға, жалақыға және зейнетақыдан өзге басқа ұқсас сыйақыға тек осы Мемлекетте салық салынады.

б) Алайда мұндай қызметақыға, жалақыға немесе басқа ұқсас сыйақыға, егер қызмет осы Мемлекетте жүзеге асырылса және:

(i) осы Мемлекеттің азаматы болып табылатын; немесе
(ii) қызметті жүзеге асыру мақсатында ғана осы Мемлекеттің резиденті болмаған жеке тұлға болса, резиденті жеке тұлға болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте ғана салық салынады.

2. а) Уағдаласушы Мемлекет, оның кез келген орталық билік органы, мемлекеттік орган немесе жергілікті билік органы осы Уағдаласушы Мемлекет немесе оның орталық органы немесе мемлекеттік органы немесе жергілікті билік органы үшін жүзеге асыратын қызметі үшін жеке тұлғаға төлейтін кез келген зейнетақыға тек осы Мемлекетте салық салынады.

б) Алайда, егер ол осы Мемлекеттің азаматы болып табылса, жеке тұлға резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте ғана мұндай зейнетақыға салық салынады.

3. 14, 15, 16 және 17-баптардың ережелері Уағдаласушы Мемлекет немесе оның орталық билік органы немесе мемлекеттік орган немесе жергілікті билік органы жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызметке байланысты қызметке қатысты қызметақыға, жалақыға және басқа ұқсас сыйақы мен зейнетақыларға қолданылады.

19-бап

СТУДЕНТТЕР ЖӘНЕ ПРАКТИКАНТТАР

Екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын немесе Уағдаласушы Мемлекетке барардың нақ алдында резиденті болып табылатын және

бірінші айтылған Мемлекеттегі студент немесе практикант тек өзінің білім алуы немесе практикадан өту мақсатында, өзін ұстау, білім алу немесе практикадан өту мақсаты үшін алатын сомаға осы сома көздері осы Мемлекеттің шегінде болу талабымен, осы Мемлекетте салық салынбайды.

20-бап

БАСҚА ДА ТАБЫСТАР

1. Осы Келісімнің алдыңғы баптарында айтылмаған пайда болу көзіне қарамастан, Уағдаласушы Мемлекет резидентінің табыс түрлеріне тек осы Мемлекетте салық салынды.

2. 1-тармақтың ережелері 6-баптың 2-тармағында айқындалған жылжымайтын мүліктен түскен табысқа қарағанда өзге табысқа қолданылмайды, егер мұндай табыс алушы болашақ Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болса, басқа Уағдаласушы Мемлекетте онда орналасқан тұрақты мекеме арқылы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырады немесе табыс төлемі жүргізілуіне байланысты құқық немесе мүлік осындай тұрақты мекемеге іс жүзінде байланысты болады. Мұндай жағдайда 7-баптың ережелері қолданылады.

21-бап

ҚОСАРЛАНҒАН САЛЫҚ САЛУДЫ ЖОЮ

1. Қосарланған салық салуды жоюға қатысты қазақстандық заңнаманың ережелерін ескере отырып, Қазақстанда мынадай жағдайда қосарланған салық салу жойылады:

а) егер Қазақстанның резиденті осы Келісімнің ережелеріне сәйкес табыс алатын болса, Финляндияда салық салынуы мүмкін, Қазақстан Финляндияда төленген табыс салығына тең сомаға осы резиденттің табысын салықтан шегереді.

Жоғарыда келтірілген ережелерге сәйкес шегерілетін салық сомасы Қазақстанда қолданылатын ставкалар бойынша осындай табысқа есептелген салық сомасынан аспауы тиіс.

б) Егер Қазақстанның резиденті осы Келісімнің ережелеріне сәйкес табыс алатын болса, тек Финляндияда салық салынады, Қазақстан осы табысты салық салу базасына жатқыза алады, бірақ Қазақстанда салық салынатын осындай басқа табысқа салық ставкасын белгілеу мақсатында жүргізіледі.

2. Халықаралық қосарланған салық салуды жоюға қатысты фин заңнамасының ережелерін ескере отырып (өзінің жалпы қағидатын өзгертпейтін), Финляндияда мынадай жағдайда қосарланған салық салу жойылады:

а) егер Финляндияның резиденті осы Келісім ережелеріне сәйкес табыс алатын болса, Қазақстанда салық салынуы мүмкін, Финляндия б) тармақшасының ережелеріне сәйкес қазақстандық заңнама бойынша және Фин салығы салынатынға қарай осындай

табыс есептелетін Келісімге сәйкес төленген қазақстандық салыққа тең соманы осы тұлғаның кірісіне салынатын Фин салығынан алып тастауға рұқсат етеді.

б) Қазақстанның резиденті болып табылатын компания, Финляндия резиденті болып табылатын және дивидендтер төлейтін компанияның дауыс беру құқығының кемінде 10 процентін тікелей бақылайтын компания төлейтін дивидендтер Финляндияда салықтан босатылады.

с) Келісімнің кез келген ережесіне сәйкес Финляндия резиденті алған табыс Финляндияда салық салудан босатылады, сонда да Финляндия мұндай тұлғаның қалған табысына салынатын салық сомасын есептеген кезде табысқа салықтан босатылғанын ескеруі мүмкін.

22-бап

КЕМСІТПЕУ

1. Уағдаласушы Мемлекеттің ұлттық тұлғалары сол мән-жайларда, атап айтқанда резиденттікке қатысты осы екінші Мемлекеттің ұлттық тұлғалары ұшырайтын немесе ұшырауы мүмкін салық салуға немесе соған байланысты міндеттемелерге қарағанда өзгеше немесе анағұрлым ауыртпалықты кез келген салық салуға немесе кез келген соған байланысты міндеттемеге екінші Уағдаласушы Мемлекетте ұшырамауы тиіс. Осы ереже 1-баптың ережесіне қарамастан, бір немесе екі Уағдаласушы Мемлекеттердің резиденттері болып табылмайтын тұлғаларға да қолданылады.

2. Уағдаласушы Мемлекет кәсіпорнының тұрақты мекемесі басқа Уағдаласушы Мемлекетте болса, ұқсас осындай қызметті жүзеге асыратын осы басқа Мемлекеттің кәсіпорнына салық салуға қарағанда осы басқа Мемлекетте неғұрлым қолайлы болуы тиіс. Осы ереже басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне, олардың азаматтық мәртебесіне немесе өздерінің резидентіне беретін отбасылық жағдайы негізінде салық салу мақсаты үшін осындай салық жеңілдіктерін, жеңілдіктер мен шегерімдер басқа Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне беру Уағдаласушы Мемлекетте міндеттеу ретінде түсіндірілмеуі тиіс.

3. 9-баптың 1-тармағының, 11-баптың 7-тармағының немесе 12-баптың 6-тармағының ережелері қолданылатын жағдайларды қоспағанда, Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін пайыздар, роялтилер және басқа да төлемдер осындай кәсіпорынның салық салынатын пайдасын айқындау мақсаттары үшін бірінші аталған Мемлекеттің резидентіне олар қалай төленсе, нақ сондай жағдайларда шегеріліп тасталуы тиіс.

4. Капитал екінші Уағдаласушы Мемлекеттің бір немесе бірнеше резидентіне толық немесе ішінара тиесілі немесе олардың тікелей немесе жанама түрде бақылауында болатын Уағдаласушы Мемлекеттің кәсіпорны бірінші айтылған Мемлекетте салық салуға немесе бірінші айтылған Мемлекеттің басқа ұқсас кәсіпорындары ұшырайтын

немесе ұшырауы мүмкін салық салу мен онымен байланысты міндеттемелерге қарағанда онымен өзгеше немесе анағұрлым ауыртпалықты болып табылатын кез келген салық салу немесе онымен байланысты кез келген міндеттемелерге бірінші айтылған Мемлекетте ұшырамауы тиіс.

5. Осы баптың ережелері, 2-баптың ережесіне қарамастан, кез келген салықтың түрі мен құрамына қолданылады.

23-бап

ӨЗАРА КЕЛІСІМ АЛУ РӘСІМІ

1. Егер тұлға Уағдаласушы Мемлекеттердің бірінің немесе екеуінің де іс-әрекеттері өзін осы Келісімнің ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға душар етіп отыр немесе душар ететін болады деп есептесе, ол осы Мемлекеттердің ішкі заңнамасында көзделген қорғау құралдарына қарамастан, өзінің ісін өзі резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің немесе егер оның ісі 22-баптың 1-тармағының жұмыс істеуіне түссе, өзі ұлттық тұлғасы болып табылатын сол Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органының қарауына бере алады. Өтініш осы Келісімнің ережелеріне сәйкес келмейтін салық салуға душар еткен іс-әрекеттер туралы бірінші хабарлама берілген сәттен бастап үш жыл ішінде берілуі тиіс.

2. Құзыретті орган, егер ол өтінішті негізді деп есептесе және егер өзі қанағаттандырылғыш шешімге келе алмаса, Келісімге сәйкес келмейтін салық салуды болдырмау мақсатында істі екінші Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органымен өзара келісім бойынша шешуге ұмтылады. Кез келген қол жеткізілген келісім Уағдаласушы Мемлекеттердің ұлттық заңдарында көзделген уақыттағы кез келген шектеулерге қарамастан орындалады.

3. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары Келісімді түсіндіру немесе қолдану кезінде туындайтын кез келген қиындықтарды немесе күмән-күдіктерді өзара келісім бойынша шешуге ұмтылады. Олар сол сияқты Келісімде көзделмеген жағдайларда, қосарланған салық салуды болдырмау үшін бір-бірімен консультация өткізе алады.

4. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары өткен тармақтарды түсінуде келісімге қол жеткізу мақсатында, олардың өздерінен немесе өкілдерінен тұратын біріккен комиссияларды қоса алғанда, бір-бірімен тікелей байланысқа түсе алады.

24-бап

АҚПАРАТ АЛМАСУ

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары осы Келісімнің ережелерін орындау немесе осы Келісімге қайшы келмейтіндей дәрежеде Уағдаласушы мемлекеттердің немесе оның саяси бөлімшелерінің немесе жергілікті билік

органдарының атынан алынатын кез келген түрдегі және сипаттағы салықтарға қатысты ішкі заңнамаларын әкімшілендіру немесе жүзеге асыру үшін қажет ақпаратпен алмасады. Ақпарат алмасу осы Келісімнің 1 және 2-баптарымен шектелмейді.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес Уағдаласушы Мемлекет алған кез келген ақпарат осы Мемлекеттің ішкі заңнамасы шеңберінде алынған ақпарат сияқты құпия болып саналады және 1-тармақта айтылған немесе жоғарыда баяндалған қолданылатын бағалаумен немесе жинаумен, мәжбүрлеп өндіріп алумен немесе сот қудалауымен немесе салықтарға қатысты шағымдарды қараумен айналысатын тұлғаларға немесе органдарға (соттарды және әкімшілік органдарды қоса алғанда) ғана хабарланады. Осындай тұлғалар немесе органдар ақпаратты осы мақсаттар үшін ғана пайдаланады. Олар осы ақпаратты ашық сот отырысы барысында не сот шешімдерін қабылдаған к е з д е а ш у ы м ү м к і н .

3. Ешқандай жағдайда осы баптың 1 және 2-тармақтарының ережелері У а ғ д а л а с у ш ы М е м л е к е т к е :

а) осы немесе екінші Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасы мен әкімшілік практикасына қайшы келетін әкімшілік шараларын қолдану;

б) осы немесе екінші Уағдаласушы Мемлекеттің заңнамасы бойынша немесе әдеттегі әкімшілік практикасы барысында алуға болмайтын ақпарат беру;

с) қандай да бір сауда, кәсіпкерлік, өнеркәсіптік, коммерциялық немесе кәсіптік құпияны немесе сауда процесін ашуы мүмкін ақпарат немесе ашылуы мемлекеттік саясатқа (қоғамдық тәртіпке) қайшы келуі мүмкін ақпарат беру міндеттемесін жүктейтіндей мағынада түсіндірілмейді.

4. Егер ақпаратты Уағдаласушы Мемлекет осы бапқа сәйкес талап ететін болса, екінші Уағдаласушы Мемлекет оның жинақталған ақпаратын тіпті екінші Мемлекет өзінің жеке салық мақсаттары үшін осындай ақпаратқа мұқтаж болмаса да пайдаланады . Алдыңғы сөйлемде қамтылған міндеттеме осы баптың 3-тармақтың шектеулеріне бағынады, бірақ ешқандай жағдайда осындай шектеу Уағдаласушы Мемлекетке осындай ақпаратқа ешқандай ішкі мүддесінің болмағандығынан ғана, ақпаратты беруден бас тартуға рұқсат беру ретінде қарастырылмайтын болады.

5. Ешқандай жағдайда осы баптың 3-тармағының ережелері Уағдаласушы Мемлекетке банкте, басқа қаржы институтында, кандидатта немесе ұйымда немесе сенімді тұлғаның ережесінің негізінде әрекет ететін тұлғада бар ақпарат тұлғаның жеке мүдделеріне жатқызылатын болғандықтан ғана, ақпарат беруден бас тартуға рұқсат беру ретінде қаралмайды.

25-бап

ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ ӨКІЛДІКТЕР МЕН КОНСУЛДЫҚ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ МҮШЕЛЕРІ

Осы Келісімнің ешқандай ережесі дипломатиялық өкілдіктер мен консулдық мекемелер мүшелерінің халықаралық құқықтық жалпы нормалары беретін немесе арнайы келісімдердің ережелеріне, сәйкес берілген артықшылықтар сияқты салық артықшылықтарын қозғамайды.

26-бап

КҮШНЕ ЕНУІ

1. Уағдаласушы Мемлекеттердің Үкіметтері осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдердің орындалуы туралы бір-бірін хабардар етеді.

2. Осы Келісім 1-тармақта айтылған соңғы хабарлама алынған күннен бастап 30-шы күні күшіне енеді, және оның ережелері:

а) Келісім күшіне енген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың 1 қаңтарында немесе 1 қаңтарынан кейін алынған табыс көзінен ұсталатын салықтарға қатысты;

б) Келісім күшіне енген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың 1 қаңтарында немесе 1 қаңтарынан кейін басталатын кез келген салық жылында салық салуға жататын табысқа салынатын басқа да салықтарға қатысты қолданыла бастайды.

27-бап

ҚОЛДАНЫЛУ КҮШІН ТОҚТАТУ

Осы Келісім Уағдаласушы Мемлекеттердің бірі оның қолданылуын тоқтатпайынша күшінде қала береді. Кез келген Уағдаласушы Мемлекет Келісім күшіне енгеннен күннен бастап бес жылдық кезең өткеннен кейінгі кез келген күнтізбелік жылдың аяқталуына кемінде алты ай қалғанда күшін тоқтату туралы дипломатиялық арналар арқылы хабарлама жібере отырып, Келісімнің қолданылуын тоқтата алады. Мұндай жағдайда ,

К е л і с і м :

а) хабарлама алынған жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың 1 қаңтарында немесе 1 қаңтарынан кейін алынған табыс көзінен ұсталатын салықтарға қатысты;

б) хабарлама алынған жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың 1 қаңтарында немесе 1 қаңтарынан кейін басталатын кез келген салық жылында салық салуға жататын табысқа салынатын басқа да салықтарға қатысты өзінің қолданылу күшін тоқтатады.

ОСЫНЫ КУЭЛАНДЫРУ РЕТІНДЕ, тиісті дәрежеде уәкілеттік берілген төменде қол қоюшылар осы Келісімге қол қойды.

Хельсинкиде 2009 жылғы наурыз айының 24-і күні қазақ, орыс, фин, швед және ағылшын тілдерінде екі дана етіп ЖАСАЛДЫ, және де барлық мәтіндердің бірдей күші бар. Түсіндіруде алшақтық болған жағдайда, ағылшын тіліндегі мәтін айқындаушы болып табылады.

ХАТТАМА

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Финляндия Республикасының Үкіметі арасындағы Табысқа салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы келісімге (бұдан әрі «Келісім» деп аталатын) қол қойған кезде төменде қол қойғандар мынадай ережелер Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатынына уағдаласты.

11 - б а п қ а Қ а т ы с т ы :

3-тармақтың мақсаты үшін «негізгі бөлігі осы екінші Уағдаласушы Мемлекеттің Үкіметіне тиесілі кез келген басқа ұйымның» ұғымы:

а) Қазақстан жағдайында «Ұлттық Әл-Ауқат Қоры «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамы ;

б) Финляндия жағдайында Фин Өнеркәсіптік Ынтымақтастық Қорын (FINNFUND) және «Фин Экспорт Кредиті» (Finnish Export Credit Ltd) ЖШС қамтиды.

14 - б а п қ а қ а т ы с т ы :

Жалданбалы қызметкерге 14-баптың 2-тармағының ережелері қолданылмайды. Алдағы ұсыныстың мақсаты үшін Уәделесуші Мемлекеттің резиденті болып табылатын қызметкер, егер ол екінші Уәделесуші Мемлекеттің екінші тұлғасының (басшысының) бизнестегі жұмысын атқару үшін тұлғамен (жалға алушымен) екінші тұлғаға иеленуге, және басшы екінші Мемлекеттің резиденті немесе тұрақты мекемесі бар болса және жалға алушы жұмыс нәтижесіне қатысты не ештеңеге жауапкершілікті, не ештеңеге тәуекелді болмайтын шартта берілген болса, жалданушы болып саналады.

Қызметкердің жалданушы саналатынын анықтауда, жан-жақты тексеріс:

а) басшы жұмысқа толық бақылауды жүргізетіне;

б) жұмыс басшының иелігіндегі және ол жауапкершілікті болатын жұмыс орнында о р ы н д а л а т ы н а ;

с) жоғалтылған уақытқа сәйкес жалға алушыға сыйақы немесе сыйақы және қызметкермен алынған еңбекақы арасындағы кез келген байланысқа қатысты е с е п т е л е т і н е ;

д) құралдар мен материалдардың негізгі бөлігінің басшымен қамтамасыз етуіне; ж ә н е

е) жалға алушы қызметкерлердің саны мен олардың дәрежелері туралы мәселені бір жақты шешпейтіне егжей-тегжейлі сілтемемен өткізілуі тиіс.

Хельсинкиде 2009 жылғы наурыз айының 24-і күні қазақ, орыс, фин, швед және ағылшын тілдерінде екі дана етіп ЖАСАЛДЫ, және де барлық мәтіндердің бірдей күші

бар. Түсіндіруде алшақтық болған жағдайда, ағылшын тіліндегі мәтін айқындаушы болып табылады.

*ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҮКІМЕТІ ҮШІН*

*ФИНЛЯНДИЯ
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК